

**Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 14 наурыздағы N 246 Қаулысы

"Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 14 ақпандағы N 535 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдардың бірінші басшылары Іс-шаралар жоспарының мүлтіксіз және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдар екі апта мерзімде органның, облыстың, Астана және Алматы қалаларының Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарларын (бұдан әрі - Жалпыұлттық жоспар) және іс-шаралар жоспарын әзірлесін және бекітсін.

4. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы;

2) жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы;

2) жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Жалпыұлттық жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

6. Мыналар:

1) ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 10-күні Іс-шаралар жоспарының орындалу мәселелері Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысында өтетін кеңестерде қаралады;

2) Іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілістерінде жылына екі рет, бірінші және үшінші тоқсандар өткен соң Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ұсынысы бойынша қаралады деп белгіленсін.

7. Премьер-Министр Кеңсесінің Басшысына Іс-шаралар жоспарының орындалған тармақтарын бақылаудан алу туралы шешім қабылдау құқығы берілсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Премьер-Министрі                      К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 14 наурыздағы  
N 246 қаулысымен

бекітілген

**Мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы "Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспарды орындау жөніндегі ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ**

| Ж Ү Ж<br>т а р -<br>м а -<br>ғ ы -<br>ның N                | Іс-шараның атауы | Іске асыру шаралары мен<br>кезеңдері,<br>жауапты<br>орындаушы, мерзімдері |
|------------------------------------------------------------|------------------|---------------------------------------------------------------------------|
| 1                                                          | 2                | 3                                                                         |
| 1. Дәйекті жаңғырту<br>және экономикалық<br>өсудің орнықты |                  |                                                                           |

|                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>қарқынын<br/>қамтамасыз ету</b>                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Өндіруші секторды дамыту                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 1                                                     | Халықаралық мұнай және энергетика нарықтарына ықпалды және жауапты қатысушы ретіндегі мемлекеттің ұстанымын күшейту<br><b>Жауапты орындаушы</b> - ЭМРМ, "Самұрық" АҚ<br><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне есеп<br><b>Орындау мерзімі</b> - жыл сайын, 20 қаңтарға дейін                                                                                                                                                                                                                                              | Халықаралық мұнай және энергетика нарықтарына ықпалды және жауапты қатысушы ретіндегі мемлекеттің ұстанымын күшейту жөніндегі жұмыстың барысы туралы ақпаратты Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу<br>ЭМРМ, "Самұрық" АҚ, жыл сайын, 20 қаңтарға дейін                                                                                                                                                                                                                                |
| 2                                                     | Тау-кен металлургия саласын тиімді дамыту мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөнінде нақты шаралар қабылдау (жұмыс істеп тұрған тау-кен металлургия компаниялары акцияларының мемлекеттік пакетін, сирек кездесетін металдарды қоса алғанда, қара және түсті металдардың барланған кен орындарының жер қойнауын пайдалану құқықтарын басқару)<br><b>Жауапты орындаушы</b> - Үкімет, "Самұрық" АҚ, ӘКК<br><b>Аяқтау нысаны</b> - Мемлекет басшысына баяндама<br><b>Орындау мерзімі</b> - жыл сайын, 2008-2010 жж. желтоқсан | 1. Мемлекет басшысына тау-кен металлургия саласын тиімді дамыту мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі шаралар туралы баяндама жобасын Үкіметке енгізу<br>ИСМ, ЭБЖМ, ЭМРМ, БҚА, "Самұрық" АҚ, ӘКК, жыл сайын, 2008-2010 жж.<br><b>қ а р а ш а</b><br>2. Тау-кен металлургия саласын тиімді дамыту мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру туралы Мемлекет басшысына баяндаманы Президент Әкімшілігіне енгізу<br>ИСМ, ЭМРМ, ЭБЖМ, жыл сайын, 2008-2010 жж.<br><b>желтоқсан</b> |
| 3.                                                    | Жаңа кен орындарын барлау жөнінде жұмыстар жүргізу<br><b>Жауапты орындаушы</b> - ЭМРМ, "Самұрық" АҚ, ӘКК<br><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне есеп<br><b>Орындау мерзімі</b> - 2008 жылғы 20 шілде, 2009 жылғы 20 қаңтар                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Жаңа кен орындарын барлау жөнінде жүргізілетін жұмыс туралы ақпаратты Президент Әкімшілігі мен Үкіметке е н г і з у<br>ЭМРМ, "Самұрық" АҚ, ӘКК<br>2008 жылғы 20 шілде, 2009 жылғы 20 қаңтар                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>О з ы қ<br/>инфрақұрылымдық<br/>қамтамасыз ету</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 4.                                                    | Балқаш ЖЭС-ін, Екібастұз ГРЭС-2-нің үшінші энергоблогын, Мойнақ ГЭС салу жөнінде шаралар қабылдау<br><b>Жауапты орындаушы</b> - ЭМРМ, "Самұрық" АҚ, Павлодар, Алматы облыстарының әкімдері<br><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Балқаш ЖЭС-ін, Екібастұз ГРЭС-2-нің үшінші энергоблогын, Мойнақ ГЭС салу жөнінде қабылданған шаралар туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу<br>ЭМРМ, "Самұрық" АҚ, Павлодар, Алматы, Жамбыл                                                                                                                                                                                                                                                                                |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|    | <p>Әкімшілігіне есеп</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 2009-2013 жж. 20 қаңтар</p>                                                                                                                                                                                                                                     | <p>облыстарының әкімдері, жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 2009-2013 жж. 20 қаңтарға дейін</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 5. | <p>"Қазақстанның Солтүстігі - Оңтүстігі" электр берудің екінші желісін және "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" электр беру желісін салуды аяқтау</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ЭМРМ, "Самұрық" АҚ</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - пайдалануға беру актілері</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - 2009 жылғы желтоқсан</p>                                   | <p>"Қазақстанның Солтүстігі - Оңтүстігі" электр берудің екінші желісін және "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" электр беру желісін салудың барысы туралы ақпаратты Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу</p> <p>ЭМРМ, "Самұрық" АҚ, Қостанай, Ақтөбе, Жамбыл, Қарағанды, Павлодар, Алматы облыстарының әкімдері, жыл сайын, 2009 жылғы желтоқсан</p>                                                                                                                        |
| 6. | <p>"Бейнеу-Шымкент" магистральды газ құбырын салу мәселесін пысықтау және салуды бастау</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ЭМРМ, ЭБЖМ, ТМРА, ЖРА, "Самұрық" АҚ, Оңтүстік Қазақстан,</p> <p>Маңғыстау және Қызылорда облыстарының әкімдері</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне есеп</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - 2008-2009 жж. қараша</p> | <p>"Бейнеу-Шымкент" магистральдің газ құбырын салу жобасының іске асырылу барысы туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу</p> <p>ЭМРМ, ЭБЖМ, ТМРА, ЖРА, "Самұрық" АҚ, Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда облыстарының әкімдері, 2008-2009 ж.ж. қараша</p>                                                                                                                                                                                                     |
| 7. | <p>Ақтау қаласында атом электр станциясын салу жөнінде нақты ұсыныстар енгізу</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ЭМРМ, Қоршағанортамині, Әділетмині, СІМ, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ, Маңғыстау облысының әкімі</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне ұсыныстар</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - 2008 жылғы қазан</p>                          | <p>1. Ақтау қаласында атом электр станциясын салу мәселелері жөніндегі ұсыныстарды Үкіметке енгізу</p> <p>ЭМРМ, Қоршағанортамині, Әділетмині, СІМ, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ, Маңғыстау облысының әкімі, 2008 жылғы тамыз</p> <p>2. Ақтау қаласында атом электр станциясын салу мәселелері жөніндегі нақты ұсыныстарды Президент Әкімшілігіне енгізу</p> <p>ЭМРМ, Қоршағанортамині, Әділетмині, СІМ, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ, Маңғыстау облысының әкімі, 2008 жылғы қазан</p> |
|    | <p>Энергияны үнемдейтін технологиялар енгізу жөнінде шаралар кешенін қабылдау</p>                                                                                                                                                                                                                                                                           | <p>Энергияны үнемдейтін технологиялар енгізу жөнінде қабылданған шаралар туралы</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 8.  | <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ЭМРМ, Қоршағанортамині, ТМРА, ИСМ, АШМ, ККМ, "Самұрық" АҚ, "ҚазАгро" АҚ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне есеп</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - 2008-2013 жж. желтоқсан</p>                                                                 | <p><b>ақпаратты Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу</b></p> <p>ЭМРМ, Қоршағанортамині, ТМРА, ИСМ, АШМ, ККМ, "Самұрық" АҚ, "Қазына" АҚ, "КазАгро" АҚ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, 2008-2013 жж. желтоқсан</p>                         |
| 9.  | <p>Экологиялық таза технологиялар (қайта жаңартылатын энергия көздерін) енгізу жөнінде шаралар қабылдау</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - Қоршағанортамині, ЭМРМ, ИСМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне есеп</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - 2008-2013 жж. желтоқсан</p> | <p>Экологиялық таза технологиялар енгізу жөнінде қабылданатын шаралар туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу</p> <p>Қоршағанортамині, ЭМРМ, ИСМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, 2008-2013 жж. желтоқсан</p>                  |
| 10. | <p>"Батыс Еуропа - Батыс Қытай" автокөлік дәлізін іс жүзіне асыру</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ККМ, Қаржымині, ЭБЖМ, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе облыстарының әкімдері</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - 2008-2012 жж. желтоқсан</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне ақпарат</p>                    | <p>"Батыс Еуропа - Батыс Қытай" автокөлік дәлізі жобасын іске асыру туралы ақпаратты Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу</p> <p>ККМ, Қаржымині, ЭБЖМ, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе облыстарының әкімдері, 2008-2012 жж. желтоқсан</p> |
| 11. | <p>"Шар - Өскемен" темір жолын салуды аяқтау</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ККМ</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - 2008 жылғы желтоқсан</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне есеп</p>                                                                                                                                             | <p>"Шар - Өскемен" темір жолын салу барысы туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу</p> <p>ККМ, 2008 жылғы желтоқсан</p>                                                                                                                              |
| 12. | <p>"Маңғышлақ - Баутино", "Ералиев - Құрық" темір жол желілері мен "Қорғас - Жетіген" учаскесін салу</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ККМ, ЭБЖМ, Қаржымині</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - 2008-2011 жж. Қараша</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне есеп</p>                                                                    | <p>"Маңғышлақ - Баутино", "Ералиев - Құрық" темір жол желілері мен "Қорғас - Жетіген" учаскесін салу барысы туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу</p> <p>ККМ, ЭБЖМ, Қаржымині, жыл сайын, 2008-2011 жж. қараша</p>                                 |
|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                     |

|     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 13. | <p>"Мақат - Қандыағаш" темір жол учаскесін электрлендіру</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ККМ, ЭБЖМ, Қаржымині</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - 2008-2011 ж ж . Қ а р а ш а</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне есеп</p>                                                                                                                                                                                | <p>"Мақат - Қандыағаш" темір жол учаскесін электрлендіру барысы туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу</p> <p>ККМ, ЭБЖМ, Қаржымині, жыл сайын, 2008-2011 жж. қараша</p>                                                                                                                                                                                                                       |
| 14. | <p>Астана - Бурабай, Астана - Қарағанды, Алматы - Қапшағай, Алматы - Қорғас автомобиль жолдарын, сондай-ақ Үлкен Алматы айналма жолын салу және қайта жаңарту</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ККМ, ЭБЖМ, Қаржымині, Алматы қаласының, Алматы, Ақмола, Қарағанды облыстарының ә к і м д е р і</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - 2009-2012 ж ж . Қ а р а ш а</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне есеп</p> | <p>"Астана - Бурабай", "Астана - Қарағанды", "Алматы - Қапшағай", "Алматы - Қорғас" автомобиль жолдарын, сондай-ақ Үлкен Алматы айналма жолын салу және қайта жаңарту жөніндегі жобаларды іске асыру барысы туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке е н г і з у</p> <p>ККМ, ЭБЖМ, Қаржымині, Алматы қаласының, Алматы, Ақмола, Қарағанды облыстарының әкімдері, жыл сайын, 2009-2012 ж ж . қараша</p> |
| 15. | <p>Концессиялық жобаларды тартымды ету мен жандандыру үшін заңнамалық базаны ж е т і л д і р у</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ЭБЖМ, Қаржымині, ККМ, мүдделі мемлекеттік органдар</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Заң жобасы</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - 2008 жылғы қыркүйек</p>                                                                                                                                     | <p>1. Концессиялық жобаларды жандандыру мәселесі жөніндегі заң жобасын Үкіметке енгізу</p> <p>ЭБЖМ, Қаржымині, ККМ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2008 жылғы ш і л д е</p> <p>2. Концессиялық жобаларды жандандыру мәселесі жөніндегі заң жобасын Парламентке енгізу</p> <p>ЭБЖМ, Қаржымині, ККМ, мүдделі мемлекеттік органдар, 2008 жылғы қыркүйек</p>                                                       |
| 16. | <p>Өңірлерді дамытудың 2015 жылға дейінгі стратегиясын іске асыру шеңберінде жергілікті атқарушы органдардың инфрақұрылымды, әсіресе жергілікті маңызы бар жолдарды белсенді дамытуды қамтамасыз етуі</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ЭБЖМ, ККМ, ИСМ, АШМ, ЭМРМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, ӘКК</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент</p>                                                 | <p>Өңірлерді дамытудың 2015 жылға дейінгі стратегиясын іске асыру шеңберінде жергілікті маңызы бар жолдар бойынша инфрақұрылымды дамыту туралы а қ п а р а т т ы</p> <p>Президент Әкімшілігі мен</p>                                                                                                                                                                                                          |

|                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|---------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                     | <p>Әкімшілігіне ақпарат<br/> <b>Орындау мерзімі</b> - 2009-2011 жж. ақпан</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | <p>Үкіметке енгізу<br/> <b>ЭБЖМ, 2009-2011 жж. ақпан</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 17.                                                                 | <p>ЖЭО-3 салуды қоса алғанда, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде Астана қаласының энергетикалық кешенін дамыту бағдарламасын іске асыру</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - Астана қаласының әкімі, ЭМРМ</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне есеп</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> - жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 20 қаңтар</p>                                                                                                                                                                                                                                     | <p><b>Астана қаласының энергетикалық кешенін дамыту бағдарламасын іске асыру барысы туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу</b></p> <p><b>Астана қаласының әкімі, ЭМРМ, жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 20 қаңтар</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <p><b>"30 корпоративтік көшбасшы" бағдарламасын іске асыру"</b></p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 18.                                                                 | <p>"Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшы" бағдарламасы шеңберінде "серпінді" жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ЭБЖМ (жинақтау), ИСМ, ЭМРМ, ККМ, АШМ, "Қазына" АҚ, "Самұрық" АҚ, "ҚазАгро" АҚ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Президент Әкімшілігіне есеп</p> <p><b>Орындау мерзімі</b> -</p> <p>1. ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, ЭМРМ, ККМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, жыл сайын 2009-2010 жж. 20 қаңтарға дейін.</p> <p>2. "Самұрық" АҚ, "Қазына" АҚ, "ҚазАгро" АҚ, ай сайын 15-күнге</p> | <p>1. "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшы" бағдарламасын іске асыру туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу</p> <p><b>ЭБЖМ, ИСМ, АШМ, ЭМРМ, ККМ, ДСМ, Қоршағанортәмині, ТСМ, АБА, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, жыл сайын, 20 қаңтарға дейін</b></p> <p>2. "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшы" бағдарламасын іске асыру туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке енгізу</p> <p><b>"Самұрық" АҚ, "Қазына" АҚ, "ҚазАгро", ай сайын 15-күнге</b></p> |
| 19.                                                                 | <p>Отандық машина жасауды дамыту жөнінде шаралар кешенін дайындау және іске асыруды қамтамасыз ету</p> <p><b>Жауапты орындаушы</b> - ИСМ, АШМ, ККМ, ЭМРМ, "Самұрық" АҚ, "Қазына" АҚ, "ҚазАгро" АҚ</p> <p><b>Аяқтау нысаны</b> - Үкімет</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <p>1. Отандық машина жасауды дамыту жөніндегі шаралар кешенін бекіту туралы қаулы жобасын әзірлеу және Үкіметке енгізу</p> <p><b>ИСМ, АШМ, ККМ, ЭМРМ, "Самұрық" АҚ, "Қазына" АҚ, "ҚазАгро" АҚ, "Қазақстан инжиниринг" АҚ, 2008 жылғы қазан</b></p> <p>2. Үкімет қаулысын қабылдау</p> <p><b>ИСМ, АШМ, ККМ, ЭМРМ,</b></p>                                                                                                                                                                                 |

|                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|---------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                 | қ а у л ы с ы<br>Орындау мерзімі - 2008 жылғы қараша                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | "Самұрық" АҚ, "Қазына" АҚ, "ҚазАгро" АҚ, "Қазақстан инжиниринг" АҚ, 2008 жылғы қараша                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| Азық-түлік қауіпсіздігі         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 20.                             | Қазақстан Республикасының заңнамасына азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы Заң жобасын әзірлеу<br>Жауапты орындаушы - АШМ, Әділетмині, ЭБЖМ, ТЖМ, Еңбекмині, ИСМ<br>Аяқтау нысаны - Заң жобасы<br>Орындау мерзімі - 2008 жылғы желтоқсан | 1. Қазақстан Республикасының заңнамасына агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы заң жобасын Үкіметке енгізу АШМ, Әділетмині, ЭБЖМ, ТЖМ, Еңбекмині, ИСМ, 2008 жылғы қыркүйек<br>2. Қазақстан Республикасының заңнамасына агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы заң жобасын Парламентке енгізу АШМ, 2008 жылғы желтоқсан |
| 21.                             | Ауыл шаруашылығына және тамақ өнеркәсібіне инвестицияларды ұлғайту жөніндегі шаралар кешенін қабылдау<br>Жауапты орындаушы - АШМ, ИСМ, ЭБЖМ<br>Аяқтау нысаны - Президент Әкімшілігіне есеп<br>Орындау мерзімі - 2008-2011 жж. қазан                                                                                                                    | Ауыл шаруашылығына және тамақ өнеркәсібіне инвестицияларды ұлғайту жөнінде қабылданған шаралар туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке е н г і з у<br>АШМ, ИСМ, ЭБЖМ, "ҚазАгро" АҚ, 2008-2011 жж. қазан                                                                                                                                                                                                                             |
| 22.                             | Елдің ішкі қажеттілігі қанағаттандырылмай отырған маңызды тамақ өнімдері өндірісін ынталандыру жөнінде шаралар кешенін әзірлеу және қабылдау<br>Жауапты орындаушы - АШМ, ИСМ<br>Аяқтау нысаны - Президент Әкімшілігіне есеп<br>Орындау мерзімі - 2008-2011 жж. қазан                                                                                   | 1. Елдің ішкі қажеттілігі қанағаттандырылмай отырған маңызды тамақ өнімдері өндірісін ынталандыру жөніндегі ұсыныстарды Үкіметке енгізу АШМ, ИСМ, ЭБЖМ, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың әкімдері, "ҚазАгро" АҚ, 2008 жылғы маусым<br>2. Маңызды тамақ өнімдері өндірісін ынталандыру жөнінде қабылдаған шаралар туралы есепті Президент Әкімшілігі мен Үкіметке е н г і з у<br>АШМ, ИСМ, 2008-2011 жж. қазан                    |

|                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
